



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

то серьезное своим коллегам, поскольку сами расколоты по вопросу соблюдения договора СНВ в пропорции примерно 75-25% в поддержку договоренностей с Россией. В отказах поддержать договор конгрессмены ссылаются на тот факт, что нет смысла соблюдать условия, если Россия имеет на своих складах больше боеголовок, чем разрешено СНВ-3, а Китай, Северная Корея, Пакистан и Иран развивают свои «триады» вообще без какого-либо регулирования.

Таким образом, будущее ядерной триады США представляется сегодня в следующем виде: в своей будущей ядерной концепции Дональд Трамп вероятно откажется от подписания договоренностей СНВ-4, и это решение будет поддержано Конгрессом США. Однако после проведения плановой модернизации «ядерной триады» (преимущественно элементов ВВС и ВМС), которая позволит американским войскам оставаться на первом месте по мощи и техническому оснащению, можно предположить, что США вновь поднимут вопрос о снижении угрозы и сокращении боеголовок и средств доставки, опасаясь бесконтрольного ядерного усиления потенциальных противников.

Список использованных источников:

1. Nuclear Posture Review 2010. TheU.S. DepartmentofDefense. April, 2010. URL: https://www.defense.gov/Portals/1/features/defenseReviews/NPR/2010_Nuclear_Posture_Review_Report.pdf
2. Carter, A. Defense Posture Statement: Taking the Long View, Investing for the Future. TheU.S. DepartmentofDefense. February, 2016. URL: https://www.defense.gov/Portals/1/Documents/pubs/2017DODPOSTURE_FINAL_MAR17UpdatePage4_WEB.PDF
3. Dodge, M. The Trump Administration's Nuclear Weapons Policy: First Steps. The Heritage Foundation. November, 30. 2016. URL: <http://www.heritage.org/defense/report/the-trump-administrations-nuclear-weapons-policy-first-steps>

ӘОЖ 008(520)

ЖАПОНИЯ ДАМУЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТТІҢ РӨЛІ

Халел Аида Арманқызы

aidakhalel@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-ң 4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Букешова Г.К

Жапония мәдениеті жапон халқы ұрпақтарының құрлықтан жапондық топаралдан қоныс аударудан басталған тарихи үрдіс нәтижесінде қалыптасқан. Қазіргі Жапония мәдениеті 1960 ж. басында басталып Азия елдерінің (әсіресе Қытай мен Корея), Еуропа мен Солтүстік Американың күшті әсеріне төрген. Жапон мәдениетінің ерекшеліктерінің бірі болып елдің бүкіл әлемнен толық оқшаулануы кезеңіндегі XIX ғ. Ортасына Мэйдун кезеңіне дейіне жалғасқан Токугава сегунатының басқаруы кезеңіндегі оның ұзақ дамуы болып табылады. Жапондықтардың мәдениеті мен менталитетіне елдің оқшауланған аумақта орналасуы, географиялық және климаттық ерекшеліктері және де ерекше табиғи құбылыстар (жиі болып тұратын жер сілкінуі және тайфундар) үлкен әсер еткен, не жапондықтардың табиғатқа тірі жан ретінде қарайтыны ерекше білініп тұрады. Табиғаттың мезеттік сұлулығымен таңғалу ептілігі жапондықтың ұлттық ерекшелігі ретінде Жапонияның көптеген өнер түрлерінде көрініс тапқан. Жапония мәдениеті негізінен жапон халықтары ата – бабаларының құрылықтан жапон архипелагына (топарал) қоныс аударудан басталып, Дзёмон кезеңі мәдениеті тұсында, яғни тарихи үрдістер қорытындысында пайда болған.

Заманауи жапон мәдениеті Азия елдерінің, негізінен Қытай мен Корея мемлекеттерінің күшті ықпалын бастан кешірді, әсіресе 1960 - жылдары Еуропа мен Солтүстік Америка

екпіндеп Жапония мәдениетіне әсер ете бастады [1, 261 б.].

Жапон мәдениетінің өте маңызды бір ерекшелігі – XIX ғасырдың ортасына дейін созылған Мэйдзи кезеңі тұсындағы елдің басқа әлемнен толық оқшаулану, яғни Токугавтар сёгунатасы басқаруы кезінде (сакоку саясаты) оның ұзақ дамуында болып табылады.

Жапондардың мәдениеті мен діліне (менталитет) елдің оқшауланған территориялық жағдайы, географиялық және климаттық ерекшеліктері қатты әсер етті, әсіресе ерекше табиғи құбылыстар, атап айтқанда жиі болатын жерсілкінулер мен дауылдар, соған қарамастан жапондардың табиғатқа деген сүйіспеншілігі тірі жанмен сырласқандай қалыпта болды.

Олардың табиғаттың әсемдігіне сүйсінуі – жапондардың ұлттық мінездемесінің ерекшелігі сияқты Жапония өнерінің көптеген түрлерінде көрініс табады. Яғни Жапонияның ұлттық дәстүрлерінің бірі – қоршаған ортаны, ағаштар мен гүлдерді, жануарларды аялап қорғау дәстүрі адамдардың бойына бала жастан қалыптасады. Сондықтан Жапонияда әрбір маусым бойына табиғатта серуендеу кең өріс алған, мысалы көктемді жабайы шиенің (сакура) гүлдеуін, күзде үйеңкі орманын тамашалау – ұлттық мерекелердің біріне айналған.

Аумағы жағынан Жапонияны Батыс Еуропадағы ең ірі елдермен және АҚШ-тың штаттарымен салыстыруға болады. Алайда, ол құрамы мен кескін – келбеті жағынан олардан мүлде өзгеше. Жапония төрт ірі және төрт мыңдай ұсақ аралға қоныстанған аралдар елі.

Жапония жағалау сызығының ұзындығы (30 мың км) жағынан АҚШ сияқты үлкен елді басып озады және бүкіл Африкамен теңестіруге болады.

Жапонияның экономикалық – географиялық жағдайына келетін болсақ, Еуразия құрылығы мен Тынық мұхиттың түйіскен жеріндегі және Азия – Тынық мұхиты аймағының дәл ортасындағы Жапония орналасқан аралдар тізбегінің (доғасының) ұзындығы 3,5 мың км-ге созылады. Бұл Жапонияның халықаралық географиялық еңбек бөлінісіне қатысуы үшін өте үлкен мүмкіндік береді.

Азияның ең шығысында Жапонияның орны оның «Күншығыс елі» дейтін атауынан да бейнелі көрініс тапқан.

Жалпы Жапония балаларды ерте жастан оқытып, тәрбиелеуге көп көңіл бөлетін бірден-бір жоғары мәдениетті, жаппай сауатты ел болып саналады. Сонымен қатар Жапонияда жоғарғы оқу орнының бүкіл Батыс Еуропамен салыстырғанда өте көп болуы – бұл ел байырғы мәдениетті, әсемдікті және тұрмыс-дәстүрін берік сақтаған, жапондық өмір салты дейтін атауға ие ежелден келе жатқан өте мәдениетті ел.

Сонымен, Жапония мәдениеті – өте күрделі мәдениет. Ол біртіндеп әртүрлі елдердің элементтерімен алыс-беріс жасау жолымен қалыптасқан. Тіпті мәдениеттің қалыптасуы аралдарға қоныстандыру басталғаннан бастап бүгінге дейін созылып, Жапонияның ежелгі мәдениетінің кейбір элементтері қазіргі күнге дейін сақталған.

Енді Қазақстан-Жапония ынтымақтастығына келетін болсақ, екі елдің арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағанына 25 жыл толды. Жапония мен Қазақстан 1992 жылдың 26 қаңтарында дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан еді. Сол уақыттан бері екі ел арасындағы достық қарым-қатынастар мен ынтымақтастық сәтті дамып келеді.

1991 жылдың 29 тамызында Президент Н.Назарбаевтың Жарлығымен [2] Семей ядролық сынақ полигоны жабылып, ядролық қарудан бас тарту жөнінде шешім қабылданды. Жапония бұл әрекетті жоғары бағалады және ядролық сынақтардан зардап шеккендерге қайырымдылық көмек көрсету, радиациялық сәулеленумен жұмыс істейтін мамандарды даярлау, медициналық жабдықтармен қамтамасыз ету сынды бағдарламаларға қолдау көрсетті. Ынтымақтастық Астана құрылысының инфрақұрылымын дамыту бағытында да жалғасты. Жапония құрылыс компаниясы салған Семейдегі Ертіс өзенінің үстінен өтетін аспалы көпір екі ел арасындағы достық көпір ретінде жергілікті халықтың мақтанышына айналды.

2011 жылдың 11 мамырында Жапонияның шығыс жағалауында алапат жер сілкінісі болған кезде Қазақстаннан Жапонияға ірі көлемде қаржы және азық-түлік түрінде жәрдем жіберілді. Жапон халқы қазақстандықтардың жылы қолдауын ешқашан ұмытпайды және

шын жүректен алғысын білдіреді.

Соңғы жылдары екі ел арасындағы қарым-қатынастар белсенді түрде дамып келе жатқанын байқауға болады. 2015 жылдың қазан айында Жапония Премьер-министрі С.Абэның Орталық Азияның бес мемлекетіне жасаған сапарында «Назарбаев Университетте» сөз сөйлеп, алдағы уақытта Жапонияның Орталық Азияға қатысты саясатының негізгі бағыты осы өңірдің баршаға ашық, тұрақты да дербес аймақ ретінде дамуына қолдау көрсету тұрғысынан өрбитінін, Орталық Азияның әр мемлекетімен, соның ішінде Қазақстанмен қарым-қатынастарды түбегейлі нығайтуға ниетті екенін жария етті. Сонымен бірге, Премьер-министр С.Абэ өнеркәсіпті әртараптандыру мақсатында жоғары білікті мамандарды даярлауға қолдау көрсету, аймақтық ынтымақтастықтың өркендеуіне бағытталған «Орталық Азия + Жапония» үнқатысу аясында аймақтық мәселелерге белсенді түрде атсалысу, әлемдік сахна төріндегі ынтымақтастықты тереңдету және т.б. бағыттар туралы сөз қозғады [3, 7 б.].

2016 жылдың 6-9 қарашасы аралығында Президент Н.Назарбаев Жапонияға төртінші рет ресми сапар жасады. Сапар барысында Президенттің Жапония Императорымен кездесуі, Премьер-министр С.Абэмен келіссөздер жүргізуі, Жапония Парламентінде ТМД аумағы елдері қатарынан алғашқы мемлекет басшысы ретінде сөз сөйлеуі, іскер топтар басшыларымен кездесуі, Токай университетіне баруы сынды мағынасы зор іс-шаралар ұйымдастырылды. Екі ел басшыларының арасында «Азияның өсіп-өркендеу ғасырындағы кеңейтілген стратегиялық әріптестік туралы» бірлескен мәлімдемеге, сондай-ақ, мемлекеттік мекемелер мен компаниялар арасында көптеген құжаттарға қол қойылып, құжат алмасу рәсімдері өткізілді. Сондай-ақ, Қазақстан Президенті Хиросима қаласына сапар шегіп, ядролық қарусыз әлем құру жолындағы берік ұстанымын бүкіл әлемге паш етті.

Жалпы алғанда, Президент Н.Назарбаевтың Жапонияға жасаған сапары мемлекеттеріміздің екіжақты қарым-қатынастарының өркендеуіне үлкен серпіліс берді. Қос мемлекет басшыларының бір жыл ішінде жасаған ресми сапарларының осылай сәтті жүзеге асуы Жапония мен Қазақстанның екіжақты дипломатиялық байланыстары тарихындағы маңызды оқиға болып саналады.

Сонымен қатар, ағымдағы жылы «Болашақтың энергиясы» тақырыбына Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі өтеді. Көрме кезіндегі Жапония павильонының тақырыбы - «Smart Mix with technology: Болашақ қуаты үшін Жапонияның тәжірибесі мен тегеуріні». Павильон Жапонияның қауіпсіз және қоршаған ортаға қамқор болатын түрлі энергия көздерінің қолданысын жүзеге асыруға бағытталған талпыныстары мен ең заманауи технологияларын таныстырады.

ЭКСПО көрмесі Жапония мен Қазақстан арасында жаңа бизнес-мүмкіндіктерге жол ашып, Жапония азаматтарының көрмеге келуі арқылы өзара қарым-қатынастарды да одан әрі тереңдете түседі деп үміт бар.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Иофан Н. А. Культура древней Японии / Отв. ред. Н. А. Виноградова. - М.: Наука, 1974. - 261 с.
2. 1991 жылдың 29 тамызындағы Н.Назарбаевтың Семей ядролық сынақ полигоны Жарлығы
3. Кавабата Ичиро Тамырымызда да, тағдырымызда да ұқсастық бар//Егемен Қазақстан. - 26.01.2017.- 7 б.